



**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ
ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПТЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ
ЖӘНЕ БАСҚАРУ**

ОРАЛ, 2022

УДК 373.5:005
ББК 74.20:65.290-2
Б94

Пікір жазғандар:

Оракова Амангул Шахарбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Бельгия Жоғары мектебінің Гонорар профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Сагиндыкова Анаргүль Галиаскаровна - Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының әдіскері.

Құрастырушы авторлар:

Кадыров Елжас Елдосович - БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің Асан Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының директоры

Губашев Алиби Салыкович - БҚО әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің Д.Нұрпейісова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры

Б94 Білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында мектептегі менеджмент және басқару/ Құрастырушы авторлар: Кадыров Е.Е., Губашев А.С. – Орал, 2022. – 72 бет

ISBN 978-601-08-2128-6

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықта авторлардың мектепті басқару тәжірибелері негізінде білім беру саласындағы менеджмент пен сапаны басқаруда қолданылатын ғылыми-теориялық материалдар мен басқару және жоспарлауда халықаралық тәжірибеде қолданылып жүрген жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер, Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курс материалдары қамтылған.

Нұсқаулықта берілген материалдар жалпы білім беретін мектептің жаңашылдық процесін тиімді ұйымдастыру үшін негіз болады және жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсынан өткен мектеп басшыларының жеке ұстанымдарын білдіреді.

ISBN 978-601-08-2128-6

© Кадыров Е.Е., Губашев А.С., 2022

© Орал, 2022

УДК 373.5:005

ББК 74.20:65.290-2

Б94

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
МЕНЕДЖМЕНТ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ.....	5
МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ДАМУ ТАРИХЫ.....	9
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....	11
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ. ҰЙЫМДАҒЫ БАСШЫЛЫҚ ПЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ.....	16
САПА ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ.....	25
СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ.....	31
САПАНЫ БАСҚАРУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР.....	34
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР СЕРИЯСЫ.....	36
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭВАЛЮАЦИЯ.....	38
ГЛОСАРИЙ.....	42
ҚОСЫМШАЛАР.....	44
ЖАПОНДЫҚ TQM-ДЕГІ САПА МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	44
5M стратегиялары.....	44
5S стратегиялары.....	44
Кайдзен стратегиясы.....	46
МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДЕГІ ЖАПОНДЫҚ «5 НЕГЕ» ӘДІСІ.....	48
МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДЕГІ 8 «D» ӘДІСІ.....	50
ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ БАСҚАРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ.....	52
МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ №1.....	55
МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ №2.....	60
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	64

КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістерге жауап ретінде әлемдегі бүкіл елдер өздерінің білім беру жүйелерін қайта қарауда. Қазақстандық білім еуропалық және әлемдік білім кеңістігіне енуіне байланысты өз дамуының жаңа кезеңіне өтуде.

Бәсекелестіктің заманауи шарттары қателіктерге жол бермейді. Өндіріс технологиясының дамуы мен адам қажеттіліктерінің әсерінен сапаның рөлі мен маңызы үнемі артып отырады. Осыған байланысты сапа кез келген ұйымның табысының кепілі болып табылады. Ал ұйымның басты ерекшелігі үздіксіз жетілдіру процесі болуы керек.

Қазіргі таңдағы менеджмент – нарықтық экономика, өндіріс күштердің дамуымен, бәсекеге қабілеттілік пен физикалық және заңды тұлғалардың әрекеттерін белсендіруге оңтайлы шарттарды ұйымдастыру процесінің қалыптасуымен қатар пайда болған кешенді инновациялық ғылым.

Педагогикалық менеджмент - мектеп жұмысын басқарудың мазмұны мен әдістері, оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру туралы педагогика ғылымының бір бағыты ретінде, білім берудің жаңа парадигмасы мен басқару теориясының дамуына байланысты қайта жаңғыртылуда. Білім беру жүйесін жетілдіру, ең алдымен оның сапасын арттыру – мемлекеттің таяу онжылдықтағы басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Білім беру жүйесін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері негізінде әлемнің алдыңғы қатарлы тәжірибесін бойына жинақтаған білім берудің ұлттық моделі, білім сапасы мен оны бағалау өлшемдері, нәтижеге бағытталған басқарудың индикаторлары, критериалдық бағалау- әлемнің үздік тәжірибесі ғана емес- сапалы оқытудың бірден бір үлгісін дәлелдейді. Білім беру ұйымдарында білім сапасын дамытуды, мектеп басшылары мен педагогтардың сыни ойлау деңгейі мен педагогикалық көзқарастарының күтілетін нәтижеге бағытталған–жаңа өзгерістерге сай болуын қажет етеді.

Мектеп басшылары өзгерістердің неліктен қажет екенін түсінуі үшін, *біріншіден*, білім берудің құндылықтары мен күтілетін нәтижелерін терең зерделей білуі тиіс, *екіншіден*, сол құндылықтар мен нәтижелерді қамтамасыз ету үшін мектепте нені өзгерту керек, ол үшін қандай әрекеттер мен жобаларды іске асыруға болатынын, үшіншіден, өзгерістерді жоспарлау және орындау барысында ол өзгерістер немен өлшенеді, оның тиімділігі қалай бағаланатынын алдын-ала айқындап, оны қадағалай білуі тиіс. Осы жүйелі өзгерістерді түсіну және оны орындау мектеп басшыларының өздерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, олардың өз ұйымында қызмет ететін педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытуға даярлығын талап етеді. Педагогикалық менеджментте басқару неғұрлым сапалы болса, соғұрлым үрдістің сапасы артады.